

84.5623,

Б29

Сергеє сері
(Мұхаммед-Қанафия)
Баһрамулы

Мақдамалы
шығармалары




*Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия)
Баһрамұлы*

Таңдамалы шығармалары

Екі томдық

Екінші том

*(Дастандары мен Сегіз сері туралы
жазылған шығармалар)*



Петропавл, 2003.

84 5 Каз
ББК-83.3 Каз
84-Б.29

Бас редактор:

Аманжол Күзембайұлы тарих ғылымдарының докторы,
профессор.

Редакция алқасы:

Қ. Есімханов (Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің орынбасары), **Қ. Омаров**, **Қ. Биғожин**, **Б. Мұстафин** (жазушы),
Ғ. Қадірәлі, **Қ. Мұқанов**, **С. Жұмабаев**, **А. Бисарин**.

Пікір жазған:

Тұрсынбек Кәкішев филология ғылымының докторы, профессор.

Алғы сөзін жазған:

Қосыл Омаров: Солтүстік Қазақстан облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы.

Шығармаларын баспаға дайындап, түсініктеме, шежіресін жазған:

Социал Жұмабаев.

30-Б Сегіз сері (Мұхаммед-Қанафия) Баһрамұлы Дастандары мен Сегіз сері туралы жазылған шығармалар. Солтүстік Қазақстан заң академиясы – 2003, 278 б.

366/2

Сегіз сері шығармаларының екінші томына дастандары мен Сегіз сері туралы жазылған шығармалары енгізілді.

Сегіз сері шежіресін және Сегіз сері туралы жазылған шығармалардың библиографиялық көрсеткішін де осы кітаптан оқи аласыздар.

ISBN 9965-648-05-0

012

© Солтүстік Қазақстан заң академиясы

© Редакциялық-баспа орталығы

ДАСТАНШЫЛ АҚЫН

*Керейде Қожаберген, Сегіз өткен,
Қазақтың шежіресін жыр қып шерткен.
Үш жүзге өлеңменен үндеу тастап,
Олар да бірлік үшін еңбек еткен.*

Сұлтанмахмұт Торайғыров

Сегіз сері Баһрамұлының екі томдық таңдамалы шығармалар жинағының бірінші кітабына жазылған алғы сөзімізде ақын-серінің өмір жолынан қысқаша мағұлмат беріп, шығармаларына азды-көпті шолу жасаған болатынбыз.

Бірінші кітапқа Сегіздің таңдамалы өлең, жыр, толғаулары кірген еді. Ал, ұсынып отырған екінші томға ақынның қолымызда бар жиырма шақты дастандарының жетеуін-ақ сиғыздық. Өйткені, Баһрамұлына арналған замандастарының арнау өлеңдері мен жоқтау туындыларынан (40 шақты) 15 шақтысын таңдап алып бергенді жөн көрдік.

Біз, Сегіз серінің мұрасын іздестіріп жинап жүрген ынталы топ, бабамыздың күрескер ақын, дарынды сазгер, асқан әнші екенін бұрын да білетінбіз, бірақ мұншама бай мұра қалдырған деп ойламаған едік.

Сегіздің шәкірттерінің бірі Жаманқұл Дөңдібайұлы ұстазының елу бес әнін елге таратып, қырық бес күйін тартып жүрдім, қырық қиссасын әнмен айтып, жүзден астам дастаны халыққа тарап кетті,- дегенін, немесе Қуат ақынның:

Жүзден аса қиссаны
Көптеген ән-күй өлеңді,
Аз өмірде шығарған.

Ұстазым Сегіз өнерлі,- дегенін оқығанда арқалы ақындар ғой, асыра сілтеушілік бар шығар?- деп күдіктенушілер, сенбеушілер де кездесіп қалады. Бірақ, Баһрамұлының өзінің ғана емес тоңірегіндегі замандастары мен шәкірттерінің көркем туындыларын зерделей түссек, таңдануға да, күдіктенуге де негіз жоқ. Сегіздің сексен кісіге бұйырмаған өнері мен ерлігін, туа біткен арнасы кең дария-дарынын мойындаған, өзінен жасы үлкен Жанақ, Қоблан, Асанбек, Есет Қараұлы,

Жанқисса, Сақау, Қуан сияқты «ылдидан шапса түсте озған» жүйріктердің шығармалары бар. Ал Сегіздің құрдастары мен шәкірттері Байкөкше, Ақтангелді, Шынияз, Нияз сері, Жәмшібай, Жаяу Мұса, Біржан сал, Нұржан, Қуат, Көрпе т.б. ақын, сал-серілер Баһрамұлының дастаншыл талант иесі екенін атап қана қоймайды, сол шығармалардың түсін түстеп, атын атап береді, қашан, қандай жағдайға жазылғанын, кімге арналғанын да баяндайды.

Жаяу Мұса: Таралған қолтаңба мен кіші жүзге,
Сегіздің «Айман-Шолпан», «Қыз Жібегі».

.....
Тарады ол шығарған «Қобыланды»
Дастанын жақсы деп ел бағалады.

(«Ер Сегіз»)

Ақтангелді: «Ер Едіге», «Ер Шора»
Дастанын Сегіз шығарған.

(«Сегіз сері»).

Шынияз ақын. «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» мен «Айман-
Шолпан»

Шығарған дастаны оның топты жарып.

Нұржан Наушабаев: Халқының тілектерін қабыл алып,
Шығарған «Зейне Зайыб», «Қамбар жырын».

.....
Шығарған «Ер Көкше» мен «Ер Қосайды».

.....
«Ер Шора», «Орақ Мамай», «Қарасай Қази»
Жырларын шығарған сал Сегіз еді.

.....
«Алуа-Жарылғамыс», «Айсары Шорман»
Үш жүзге мәлім Сегіз жыры болған.

(«Сегіз сері Баһадүр»).

Сегіз сері қамшының сабындай қысқа өмірінде атыс-шабыс, арпалыс жағдайында жүріп осынпама рухани бай мұра қалдырғаны туралы кеңес дәуірінде, әсіресе, тәуелсіздік тізгіні қолға тиген кезде жазылған әдебиетші ғалымдардың еңбектері бір төбе. Сегіздің өмірі мен қызметін, өлеңдері мен жырларын, толғаулары мен термелерін, діни қиссалары мен дастандарын те-

рең жан-жақты зерттей отырып, құнды еңбек жазған Төлеш Сүлейменов пен драматург-жазушы Набиден Әбуталиевтің кітаптарын ерекше атаған жөн. Баһрамұлы туралы кезінде Ғ. Мүсірепов, Ә. Марғұлан, А. Нүсіпбековтер бастаған ұлтымыздың зиялы азаматтары 200-ден аса зерттеу мақалалар, құнды еңбектер жазғаны белгілі.

Ғалымдардың пікірінше, Сегіздің атаң түйеге жүк боларлық әдеби мұра қалдырғанына, әсіресе, «жүз дастан» дегенге сенбеушілік қазақ халқының ХІХ ғасырдағы тұрмыс-тіршілігін, сал-серілердің, ақын-жыраулардың өмір салтын білмеушіліктен туындайтын болса керек. Театры жоқ, көшіп-қонып жүрген халық ел шетіне сал-серілер келе қалса үлкен-кішісі, тайлы-тұяғына дейін шұбыра шығып, үйге кілемге салып көтеріп әкелген, қастерлеген, құрметтеген, еркелеткен. Олар да өз тараптарынан елді ән-күйге бөлеп, тәуліктен жатып, қызық көрсеткен. Сол жиындарда тақырып беріп, немесе бір аңыздың мазмұнын айтып берсе, қара сөзді өлеңге айналдырып қолма-қол дастан шығарған ақындар аз болды ма? Кешегі Иса Байзақов сондай ақын емес пе еді. Баулыса, мақсат қойса бүгінгі айтыс ақындарының ішінен Сегіз сері бабасындай бір кеште бір-екі дастан шығаратын дүлдүл шықпас па еді.

Біздің жиі еститін сұрағымыз неге Сегіз сері шығармалары жиналмай, зерттелмей келді? Шынын айтсақ, 1936 жылға дейін ғылым академиясының да, жазушылар ұйымының да солтүстік өңірінің ауыз әдебиетін, өнерін, ән-күйін зерттейік деген ниеті болған жоқ. Тек қана 1936 жылдың жазында І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов үшеуі басқарған экспедиция облысымызда Қожаберген жырау, Шал ақындардан бастап кеңес дәуіріне дейін өмір сүрген Біржан Берденовтың шығармаларын, соның ішінде Сегіз серінің де мұрасы бар, жинай бастағанда Сталиндік зобалаңның екінші доңғалағы зыр айналып, байтал түгіл бас қайғы болып, экспедицияның жұмысы аяқталмай қалған екен. Ол туралы сол игілікті іске қатысқан, экспедиция мүшесі Ғабит Мүсірепов, полковник Мұса Оспанов, Шоқан Күдербековтер айтқан болатын.

Сол зобалаңнан Отан соғысынан кейінгі жылдарда да бұл мәселеге көңіл бөлінбей келді. Сегіз серінің өзін көрмесе де балаларын көрген, ақынның өлеңдерін жаттап өскен қариялар 70-80-

жылдары да тірі еді ғой.

Баһрамұлы Сегіздің мұрасын жинап, зерттеуде кездескен тағы бір қиыншылық- оның біраз дастандары діни тақырыпқа арналған екен. Кеңестер кезінде діни тақырып пен орысқа қарсы (мейлі ол қанішер атаман болсын) шығарманың атын атаудың өзі қылмыс еді. Патша әскерлері мен атамандардың қанды қол жауыз екенін әшкерлеген, Алланың бірлігін пайғамбардың қактығын, уағыздаған ақынның кеңес үкіметі атын өшіріп, шығармаларын өртеп бақты. Міне, Сегіздің кейінгі кезге дейін аталмай, шығармаларының жиналмай, зерттелмей келгендігінің басты себебі осы.

«Ештенде кеш жақсы дегендей» қазір талапкер азаматтар баба мұрасын жанын сала іздеуде. Нәтижесі де жоқ емес. Сегіздің 125 өлең-жыр, толғаулары бірінші кітапқа кіріп отыр. Қолымызда жинаққа симай қалғандары да біраз бар. Сегіз серінің екінші жинаққа енген дастандары жетеу: «Қашқын келбеті», «Қыз сипаты», «Ұры мен қазы», «Асанбек батыр», «Шолақ қол зайыб», «Ақылсыз шаһизада», «Дию».

«Қашқын келбеті» дастанында Сегіз сері өз өмірінен мәлімет береді. Ол жазықсыз қуғын көріп, жастық шағында ауыр күндерді бастан өткізгенін сол қиындық көрген жылдардың қыс айларын Қаптауында (Кавказ), Орал тауында, Ирак, Ауған жерлерінде, қазақ даласының батыс бөлігіндегі Акбұлақ өзені бойында өткізгенін, ол өлкелерде кімдермен кездескенін, нендей кәсіп еткенін, өзімен кімдер дос, кімдер қас болғанын баяндайды.

«Қыз сипаты» қиссасында Баһрамұлы ақын өзінің жастық шағын, Ғайнижамал Қалдыбайқызына ғашықтығын жырлайды. Ал, Сегіз сері «Ұры мен Қазы» дастанында шарасынан асыптасып, әділдіктен ауытқып, тура жолдан тайған қазыға Қызыр баба ұры боп келіп, оны тонап, шарифат айтысқанда да жеңіп, өзін тәубаға келтіргенін баяндайды және бұл қисса арқылы Сегіз серінің діни білімді адам екенін көреміз.

Сондай-ақ, «Шолақ қол зайыб», «Ақылсыз Шаһизада» қиссаларында Баһрамұлы әйелдердің даналығын, адал махаббат иелері екенін, әділдігін, жарына деген сүйіспеншілігін, жауыздыққа жиіркене қарайтынын айтады.

Сегіз сері «Асанбек батыр» атты дастанында Сырым Датұлы бастаған ХҮІІІ ғасырдың соңғы ширегінде скі кезеңді (1773-

1775 жылдары және 1783-1797 жылдары) қамтитын қазақ шаруаларының Ресей отаршылдарына қарсы бағытталған көтерілісі кезінде мыңбасы болып, туған елінің азаттығын көксеріп, жер-суды қайтарып алу үшін күрес жүргізген Асанбек Нұрқожаұлы батырдың (1752-1846ж.ж.) ерліктерін баяндайды.

Сонымен қатар, Баһрамұлы жырлаған Асанбек Нұрқожаұлы мыңбасы-сардар тек үлкен батыр ғана емес, ол шешен әрі ақындық дарындылығы мол. Кейін Сегіз серіге ақылшы болған кісі. Оның ақын екеніне сол Асанбектің өзі шығарған «Сегіз сері» атты толғауы мен Сегізге өлеңмен берген батасы дәлел бола алады.

Сегіз сері өзінің «Дию» тарихи қиссасында Парсы, Ауған елдерінің шектесетін жерін қыстап шығып, Тәжік жері арқылы елге қарай жүрмек болғанда, тағы адамдарды көргенін, олар үңгірге қамап кеткен екі қойшыны аман босатып алғанын, күлдықта, күндікте жүрген қаңдастарымыздың (бала кезінде күл, күң сатылатын базардан сатып алған) ұл-қыздарын Тәжік байларының тепкісінен азат етіп, қазақ даласына әкеп, еліне табыстырғанын баяндайды. Сол Сегіз серіге кездескен қар адамы, немесе тағы адамның қазір де Жамбыл облысының Қырғызстанмен шектесетін жерінде, Тәжікстанда, Монғолияда бар екені туралы ара-тұра баспа бетінде кездестіріп жүрміз.

Баһрамұлының дастандарының бір ерекшелігі адамгершілікті, имандылықты, әділдікті, ерлікті, өнерді, білімді бірінші орынға қояды. Сегіз серінің екі томдық жинағынан орын ала алмаған дастандарының ішінде көркемдік жағынанда, терең тәрбиелік мәні жағынан да шоқтығы биік туындылары: «Назымбек-Гүлша», «Ғарып пен Ғазиза», «Қожа Мансүр», «Абылайхан», «Қайыргелді батыр», «Жер бие», «Жаңғақ», «Опасыз қыз» т.б. бар.

Серінің таңдамалы шығармаларының екінші кітабына ақынның жеті дастанынан басқа, ол туралы замандастарының, дос-жарандарының, шәкірттерінің арнау өлеңдері мен жоқтаулары кіріп отыр. Мысалы, Есет Қараұлы шеуеннің сол Баһрамұлына арналған толғауы, Бөксейлік ақындар: Боранның «Қос қашқып» атты өлеңі, Жанұзақ (Жәңгірдің 2 сарай ақынының бірі) жыршының «Баскесер» деген өлеңі, Сегіздің шәкірті Жаяу Мұсаның «Ер Сегіз» атты тарихи дастаны, серінің зайыбы Ырысбике Елғұнқызының жұбайына шығарған жоқтауы. Құрай уақ Елембай Ерменұлы бидің Сегіз сері бәйбішесіне және

ақынның туыстарына көңіл айту толғауы т.б.

Сегізге жоқтау-өлең арнаған ақындардың бірі Елембай Ерменұлы, ол Қызылжар өңірінің адамы. Ал Ақтангелді жырау Керей бегі Есенеймен құда екен. Ақтангелді жырау 1836 ж жазда Нұралы керей Көкей қызбен (Біржан салдың туған апасы) айтысқан, бірін-бірі жеңе алмаған. Ол айтыс 1988 жылы «Қазақстан әйелдері» журналында жарық көрген болатын. Шынияз ақын айдаудан келе жатып Сегіздің ауылына соғып, ел-жұртына көңіл айтып, жоқтау-өлең шығарған.

Нұржан Наушабайұлы да Серінің ауылымен құда, әрі оның атасы Баһраммен бола екен. Сегіз серінің інісі Қуаныштың баласы Сапарғали ақын Нұржанның немере апасы Нағиманы алған жездесі. Сапарғали өз балдызы Нұржанмен жұмбақ айтысқан, ол қазақ даласына кең таралған, жарық көрген айтыстың бірі.

Сөз соңында айтарымыз, Сегіз сері Баһрамұлының оқушы қауымға ұсынылып отырған екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы серінің өмір жолын, әдеби туындыларын халық игілігіне жаратуға жасалған тағы бір қадам деп түсінген жөн.

Қосыл Омаров

Дастандары



ҚАШҚЫН КЕЛБЕТІ

(Тарихи дастаннан үзінді)

Бірінші бөлім

- Ей, сегіз, жыр шығарсаң, ой бөлінер,
Қайғының төнген бұлты тез сейілер.
Сиынып Алла, әулие, аруаққа,
Әдіспен қайрат қылсаң, жау шегінер.

Ерте тұрып, жуынып, тамақ ішіп,
Алдағы болар жайды ойлап, пішіп.
Шамамша өзіме-өзім жігер бердім,
Тұрсам да өте ауыр күйге түсіп.

Киім киіп, асынып қару-жарақ,
Әндеттім жүйрігімнің жалын тарап.
Жүрекке байланған шер тарқасын деп,
Жырладым мінетұғын атқа қарап.

Теңбіл көк, кекілің келте, жалың майда,
Таба алмай иең отыр ақыл-айла.
Өлгенін жиырма солдат менен көрді,
Серуендеп бармасам да Терең сайға.

Найзагер сл ішінде жалғыз мен бе,
Көп жандар батырлықтан емес кенде.
Кінәсі солдаттардың көп болған ғой,
Оқ атып, күш көрсетсе момын елге.

Қорқақты қуа берсе, батыр болар,
Намыскер шыққан шығар жеме-жемде.
Алты жыл білім алған Омбы шаһар,
Кетпекпін енді сенен алыс жерге.

Найзалап бәрін сегіз өлтірді деп,
Ұлықтар маған жала жауып жатыр.
Ешқандай жат қылығым болмаса да,
Жаласы қанды қырғын ауып жатыр.
Омбымен қоштаспақпыз Теңбіл көгім,
Бел буып тәуекелге бүгін ақыр.

Шықпақ боп ұзақ жолға дайындалдым,
Әр жайға құлақ түріп, қалмай ғапыл.
Әрқашан түзу жолмен жүрсем-дағы,
Сөз ерген бала кезден мен бір пақыр.

Қалайша жалғыз өзім өлтіремін,
Оқтаулы мылтығы бар жиырма адамды.
Жазықсыз мен ғаріпті қуғындаған,
Көрмедім Горчаковтай қас-наданды.

Комендант, городской болған бұрын,
Істері мүсылманға келген қырын.
Сайланған жандаралға наместник,
Горчаков білгізбейді жұртқа сырын.

Күймеге үш ат жегіп, серуен құрып,
Бұл мырза тұсымыздан өтетұғын.
Ертістің жағасында біз сайыссақ,
Оны да кез боп қалса көретұғын.

Сайыста доғал найза пайдаландық,
Ұлықтың реті жоқ сөгетұғын.
Өзімізше жаттығып қылыштастық,
Шаруа емес олар көңіл бөлетұғын.

Байқасам сол ісімді ұнатпапты,
Шын көріп өсек созді қуаттапты.
Ешқандай айғақтары болмаса да,
Сыртымнан мен байғұсты көп даттапты.

Ұлықтың сөздерінің байлауы жоқ,
Жапқанмен маған жала айғағы жоқ.
Сапарға шығар кезде қиыны сол,
Серіңнің қару теңдер тайлағы жоқ.

Наместник болса да жандарал деп,
Қылдан тайсаң, ол шіркін жан алар деп.
Горчаковтан қорқады мүсылмандар,
Қаһарына залымның кім қалар деп.

Тобылда тұрған жандарал,
Сібірді тұтас билеген.

Ел аралап шыққанда,
Жан жоқ басын имеген.
Қырылған топ солдатты,
Жандарал да білмеген.
Орынбасар Горчаков,
Жандаралға жеткізген.
Қылмыскерді таптық деп,
Ұстауға сөзін өткізген.

Жендетке жандарал да еткен бұйрық,
Бермек боп ұстай қалса үлкен сыйлық.
Бұл істі таныстардан естіген соң,
Көшеде қыдыруды мүлдем тыйдық.

Сиынам, Алла, аруақ, әулиеге,
Ісімді келтіргей деп бір жүйеге.
Жолықса жендеттермен есептесем,
Оларша қызықпаймын дүниеге.

Жасымнан болмасам да қанға жерік,
Қылыш, найза, садақты етем серік.
Соңымнан мені ұстауға солдағ шықса,
Соғысам көпірлерге төтеп беріп.

Туған жер о да қалар бейне жәннат,
Бұл күнде Теңбіл көгім сенсің қанат.
Дарига-ай, жас жүрекке шер байланды,
Болса да тал бойымда таудай талап.

Пайғамбар, Сахабалар әр кез жебеп,
Біздерге көрсетпе деп ешбір бейнет.
Қол жайдым ұстаз үйінде тілек тілеп,
Жолымда болмасын деп үлкен бейнет.

Тыйылсын ел ішінде телі-тентек,
Ұстауға сотқарларды көмек ет деп.
Шақырған қызметіне бармап едім,
Ондайға жарамайтын тым жаспын деп.

Әлде соған Горчаков кектенді ме,
Тілімді алмады деп жек корді ме.

Әйтеуір мен ғаріпті ұстатпақшы,
Кім біледі, урядниктер жел берді ме?

Немересі ем Шақшақ бидің еркелеген,
Мақсұтқа алға қойған жетем деген.
Ойымда үш ұйықтасам бар ма менің,
Жолықпай Мұқарамға кетем деген.

Ауылына атпен бардым көрейін деп,
Хал-жайын үйде болса білейін деп.
Жағдайды соңғы күнгі қызға естіртіп,
Қоштасып кейін қарай жүрейін деп.

Ауылынан гөзелді іздеп таба алмадым,
Асықтым көрші ауылға бара алмадым.
Қоштасып ризашылық алмақшы едім,
Нұр жүзін Мұқарамның көре алмадым.

Соғысқанда жеңіліп қалмас үшін,
Қылыш, мылтық, найзаны алдым таңдап.
Сапарда қиыншылық көрмеу үшін,
Жолыма азық, киім қойдым қамдап.

Болар деп күтудемін қатер-қауіп,
Кимекпін соның үшін үске сауыт.
Инше Алла ұрыс салып құтылармын,
Ұстауға солдат келсе аңсары ауып.

Боларын алда атыс енді ұқтым,
Үйіне ұстазымның қонып шықтым.
Таң ата Теңбіл көкті ерттеп міндім,
Ұстайтын болғаннан соң ұлық мықтың.

Қоштасып ұстазыммен кеттім жүріп,
Тұрмадым таң атқан соң еш кідіріп.
Азырақ Теңбіл көкке қамшы басып,
Ертістің тоғайына кеттім кіріп.

Мастанып бойымдағы ерлік буға,
Атпен кеп түсе қалдым ағын суға.
Ертістен сәйгүлікпен жүзіп өттім,
Бөгелмей иірімі мол терең суда.

Өзеннен сыртқа шықтым жүзіп келіп,
Ілгері Теңбіл көкпен кеттім желіп.
Алдағы ну орманға кірген шақта,
Жылаған әйел даусы тұрды естіліп.

Жүйрік ат астымдағы ойнай басып,
Дауысқа таяу келдім, кетпей қашып.
Өрімдей бір бойжеткен орыс қызын,
Топ кісі ортаға алған қауқылдасып.

Көрген соң топ адамға жақындадым,
Мұсылман бар ма екен деп бақыладым.
Он орыс бір бикешті қоршалап тұр,
Саспадым қарулыға жақын бардым.

Сөйледі сақалды орыс көзі шалып,
Жақтырмай үсұқ қолын маған безеп.
Қанжармен тастамақшы мені жарып,
Келіп тұр дегендей боп саған кезек.

«Ат пенен киімінді тапсыр!»- деді,
Бұйырып маған бәрі ызғарланып.
Сақтандым атымды атып қалмасын деп,
Найзамды қолыма алдым оңтайланып.

Шама жоқ жағдайымды баяндауға,
Болмады әрі қарай аялдауға.
Соларды серік етем деген басым,
Қапыда кездесіпін тағы жауға.

Сиындым жаратушы құдайыма,
Бекіндім, берілмедім уайымға.
Сүмдарға жол тонағыш бас игем жоқ,
Бес қару бойымда бар қорқайын ба?

Саспадым, талға кіріп пана таптым,
Сөйттім де шапшаңдата садақ тарттым.
Жаулардың қарсылығын керек қылмай,
Құтқармай бірнешеуін дәлдеп аттым.

Өлгені өліп, қалғаны кетті қашып,
Сұлуға жақын келдім, жаным ашып.

Екі қолы гөзелдің байлаулы екеп,
Кендір жіпті тез шештім, тіске басып.

Қарақшылар жоғалды қарасы өшіп,
Кісі өлтіріп, тонауды қылған кәсіп.
Бар скен бір ақ боз ат ер-тоқымды,
Жануар мен ғаріпке болды нәсіп.

Жылады аяғымды құшып бикеш,
Ажалдан күтқардың деп жауды қырып.
«Жыламай жөніңді айтшы, кімсің?» – деп ем,
Байғұстың құндыз шашын синап тұрып.

Жасып тыйып, сол шақта көзін ашып,
Мұңын шақты гөзел де сөйлеп ашық.
Жауыздардың тап болып қармағына,
Көркем қыз қалған екен қатты жасып.

Қызы екен Горчаковтың еркелеген,
Күймеге үш ат жегіп серуендеген.
Кез болып тонаушыға қапияда,
Жүргенде сейіл құрып қолға ілінген.

Талайлар ғашық болып, мойын бұрған,
Гөзелді тұтқын еткен ұры антұрған.
Әуреге салайын деп тұрған шақта,
Айырдым бойжеткенді құрған тордан.

Алып кетсем, қарсылық етер емес,
Қыз екен жар болуға дайын тұрған.
«Мұсылман болам, алсаңыз», - деді сұлу,
Етпек боп ғашық жолда жанын құрбан.

Орыстың қыздарынан жүрсем де алыс,
Бикешке менің жүзім екен таныс.
Сүйоге жаудың қызын күмар емсн,
Бойымда жас болсам да бар ғой намыс.

Қазақтың сұлулары тұрған шақта,
Орыстың қызын алу мін емес пе?
Жамаандықты қайтару жақсылықпен,
Жігітке біз сияқты сын емес пе?

Бейне бір солған гүлдей аязда үсіп,
Салбырап қыздың мойны төмен түсіп.
Құшақтап аяғымды қойып басын,
Сөйледі жылап сұлу өксіп-өксіп:

- Ей, батыр, сізге болдым үлкен қарыз,
Айтайын ұрыспасаң тағы да арыз.
Не алып кет, не өлтір, не үйге жеткіз,
Сонан соң сізді сыйлау бізге парыз.

Сырттай сізді танымын күрбыласым,
Сырнайшы, ақындығың көптен басым.
Кәпір қызы демесең, жар болар ем,
Балуан жігіт түссе егер ықыласың, -

Деді де көкірегіне қолын қойып,
Алдымда пенде болып иді басын.
Ысырып қолыменен кейін қарай,
Толқынды қызыл сары құндыз шашын.

Жаудың қызы болса да аяп кетіп,
Бикешке түсті аздап ықыласым.
Және де бір ақкөк ат көзге ұшырап,
Бойыма шын тарады ішкен асым.

Ат шіркін ерте кезден ерге қанат,
Асынып қылыш, мылтық, кісе манат.
Ерте ме, кеш пе әйтеуір бір жар сүйем,
Әйтсе де ат пен қару қыздан қымбат.

Көк атты боз атпенен олжаладым,
Душпанмен соғысуға шын жарадым.
Алла, әулие, аруақтар желеп-жебеп,
Бір тобын тонаушының талқандадым.

Жаудан түскен көк атқа мінгізіп ап,
Жайымды түсіндірдім қызға анықтап.
Әкесінің өшіккенін естіген соң,
Қыз қорықты кешірім менен сұрап.

Мені апарсаң, сізді әкем жақсы көрер,
Өзіңізге мол қылып сыйлық берер.

Не алыңыз, не мені үйге жеткіз,
Әке-шешем разы боп мейірімін төгер.

Деп айтып, қыз да маған етті өтініш,
Болар деп ойламастан еш өкініш.
Сұлуды қақпа алдына жеткізбекке,
Жасадым кейін қарай зор шегініс.

Ат шіркін ерге қымбат дегенді ойлап,
Боз атты тоғайға әкеп кеттім байлап.
Қоршауға түсіп қалсам ұрыс салам,
Сол үшін мылтық, садақ алдым сайлап.

Қамшы ұрып екі атқа да екпіндегін,
Ертістің өткеліне келдім жетіп.
Діні басқа бикешті атқа таңып,
Ар жаққа қайта бардым жүзіп өтіп.

Етпедім кәпір қызын халал жұпты,
Омбыға оралсам да көңілім күпті.
Әкеліп қақпа алдына түсіріп ем,
Қия алмай көзден сұлу жасын төкті.

Жасыл қарағай суреті,
Салынған шыны фиала,
Соны сыйлап өзіме,
Батты бикеш қиялға.

Уақыт жоқ тұрарға,
Қызбен мәжіліс құрарға.
Солдат шықса қақпадан,
Мылтық атып қуар да.

Ат басын кейін қарай бұрып алдым,
Абайлап жан-жағыма назар салдым.
Осыған разы бол, аттанам деп,
Жағдайдың жоқ екенін еске салдым.

Қос көк ат басын жолға сала берді,
Жүзігін ұлық қызы маған берді.
Ерлігіме разы боп алғыс айтып,
Қоштасып орыс бикеш қала берді.

Өткерген бастан қызық түске айналды,
Жат жердің уақыт келіп, суын татар.
Қош боп түр енді оралып келгенімше,
Алты жыл білім алған Омбы шаһар.

Жәрдем ет біздей жанға аруақ,күдай,
Қашқындық жас басыма болмады оңай.
Сырласқан ғашық жармен қойнауында,
Қош сау бол, көргенімше жасыл тоғай!

Қашқынмын осы күнде елден безген,
Басқа жұрт дәмін ішер жетті кезең.
Суында ертелі-кеш малтып –жүзгем,
Қош боп түр ені жалпақ Ертіс өзен.

Білмеймін келмесімді-келерімді,
Айта алман сөнбесімді-сөнерімді.
Сайыста орыстардан озық боп ем,
Күндеген күллі кәпір өнерімді.
Жағаға қонақтаған қаз бен үйрск,
Жеткізгей Мұкашжанға сәлемімді.

Көз сүзген көрінгенге оңа қоймас,
Жоғалтпа Мұкарама әдебіңді.
Қайтсең де мені күт деп айта алмаймын,
Ұлықтар қашқын етті әдеміңді.

Беймәлім не болары күнім алда,
Жасыма бізді ойлап, Мұкарама.
Көрерміз жазмыш ісін басқа салған,
Лаухылда жазған болса осыны Алла.

Ертістің тоғайында сыр шертісіп,
Өткіздік жастық күнінің тамашасын.
Ән-күйді тамылжыған ұйып тыңдап,
Қалаушы ең отырыстың оңашасын.

Жүрмесін мені ойлап көңілің өспей,
Еске алма өткен күнді көрген түстей,
Тілектес бір-бірімізге боп жүрейік,
Алыстап кетсек-дағы бір кездеспей.

Бұл Омбы болмаса да маған орын,
Құрса да түсірмек боп ұлық торын.
Есінен халайықтың ұмытылмас,
Алғашқы ән сізге арнаған «Назқоңырым».

Дүние бір жалмауыз кемпір деген,
Ешкімді мақсұтына жеткізбеген.
Байлығың жуса кетер қолдың кірі,
Пенде жоқ мұңсыз өмір өткізбеген.

Мүкашжан, босқа өтпесін есіл жасың,
Жаманға қор болмасын ғазиз басың.
Қашқынды біз сияқты тосу қиын,
Бір елдің жар еткейсің бозбаласың.

Жас шағым өтіп еді болып оңды,
Қызығың естен кетпес, қайран, Омбы.
Көп жақсы бізден кейін сайран стер,
Қазақтың ері емеспіз біздер соңғы.

Алты жыл мекендеген Омбы шаһар,
Жүруші ек кең көшенде түзеп қатар.
Тататын сенен дәмім таусылды ақыр,
Тіккен соң губернатор бізге қаһар.

Бұл Омбы ата-бабам мекені екен,
Бабалар астықты ерте еккен екен.
Мал өсіріп, ұста боп, балташы боп,
Және де аң, құс аулап өткен екен.

Жер-суын кәпірлерден ылғи қорғап,
Соғысып маңдай терін төккен екен.

Біреуі сол бабамның Қарабас ер,
Соғысып кәпірлерге жұтқызған шер.
Көп қорғап мұсылманның елін, жерін,
Тұсында болған екен халқына бел.

Қарабастың баласы Ер Асқаптың,
Мен сегіз дәл төртінші ұрпағы едім.
Кезінде ата жауға соққы берген,
Ерлердің бұрынғы өткен жұрнағы едім.

Есімнен ұмытылмас Омбы шаһар,
Жақсы күн еске түссе жанға батар.
Қош сау бол, замандастар , көргенімше,
Басталды балуаныңа ұзақ сапар.

Осылай қош айтыстым Омбыменен,
Таныстан мылтық алдым оғыменен.
Майданға алда болар дайындалдым,
Солдаттың атыспақ боп тобыменен.

Ертістен әрі де өттім, бері де өттім,
Достармен қоштастым да жүріп кеттім.
Ақбоз ат келіп көрсем орнында екен,
Көк атқа қосақтап ап желіп кеттім.
Жаудан түскен қаруды жасырып ем,
Оларды аттарға артып ала кеттім.

Ыңғайлы бала кезден болсам да епті,
Орысша хат танымай қойсам нетті.
Шақырған қызметіне бармаған соң,
Ұлықтар қашқындыққа душар етті.

Пайда жоқ ғаскер бастап ел шапқаннан,
Шен алып, шекпен киіп жан баққаннан.
Өктемдік мұсылманға көрсеткенше,
Өткен жөн қарғыс алмай бұл жалғаннан.

Не пайда момын елді жылатқаннан,
Кедей, жетім, ғаріпті шулатқаннан.
Қашқын іздеп шошытып ауылдарды,
Кез жасын кемпір-шалдың бұлатқаннан.

Кездейсоқ тап болған соң қиын жайға,
Әрқашан жалбарынам бір құдайға.
Өнер мен қажыр-қайрат бойымда бар,
Ойлаймын табармын деп содан пайда.

Екінші бөлім

“Орысша сауат аш!”-деп атам Шақшақ,
Оқытты төрт қыс бойы ұстаз жалдап.

Омбыда медресені төмам еттім,
Өзімді өнерпаздық жолға қамдап.

Солардың бәрі бүгін босқа қалып,
Омбыдан, Қызылжардан шеттеп барам.
“Бұлардай ғажап жерлер қайда бар?” – деп,
Сапарға шығар кезде болдым алаң.

Құлпыртқан баурайында бақша-бауын,
Шық түсіп орманына, жауар жауын.
Бөленіп ойы-қыры көк тарғынға,
Артымда қала берді туған ауылым.

Кейбіреу тауы жоқ деп кемітпесе,
Қызылжар, Омбы өңірі – жер жаннаты.
Өз бетінше мешіт пен медресе ашқан,
Мен болдым кіші әкемнің қолқанаты.

Омбы өзен шалғынында жаттым аунап,
Өлеңге бір өзіннен шабыт сұрап.
Көргенше енді айналып қош есен бол,
Арысы Орта жүздің Керей-Уақ.

Көп жүрдім ана шеттен мына шетке,
Іліндім көп жүрем деп қасіретке.
Тebіндеп жаңа шыққан қара мұртым,
Тиесін қашан, шіркін, ақша бетке.

Өзім жас болғанменен жалыным артық,
Астыма мінген аттың бауыры тартық.
Соңыма жарық ала түскеннен соң,
Аттарын солдаттардың алдым тартып.

Болсам да қатарымда шешен-жорға,
Еріксіз жорықшылдық түстім жолға.
Патшаға қызмет етпей кетсе бардым,
Тұрса да бар мүмкіндік біздің қолда.

Атанып жастай ақын, әнші, батыр,
Көпірге жорық жасап, тіктім шатыр.
Керейдің серілік құрған жас мырзасы ем,
Тұрмыстың ауырлығын көрдім ақыр.

Қалды ғой артымда алыс қимаған жер,
Себепсіз қуғын көріп сыймаған жер.
Әрқашан сәлем беріп, қадір тұтып,
Жасы үлкен ағаларды сыйлаған жер.

Қымыз бен шұбатына тоймаған жер,
Бас болып құрбыларға тойлаған жер.
Аузынан Мұкарамөның шырын татып,
Кездесіп оңашада ойнаған жер.

Жал-жая, қазы-қарта шайнаған жер,
Тұлпарды мама ағашқа байлаған жер.
Асынып қару-жарақ, сауыт киіп,
Жүруге ұзақ жолға қамданған жер.

Бұлбұлдай жиындарда сайраған жер,
Жорғаны базарларға айдаған жер.
Дайындап құрбыларды ел қорғауға,
Халқымның болашағын ойлаған жер.

Елімнің мұң-мұқтажын көзбен көріп,
Арманның шыңырауына бойлаған жер.
Сиынып Алла, әулие, аруақтарға,
Соғысқа солдаттармен сайланған жер.
Үшырап патша әкімі қуғынына,
Жүрекке сол себепті байланған шер.

Көзіме елестейді сол туған жер,
Кіндік кесіп, кірімді сан жуған жер.
Еркелеп, еркін өсіп, алшаң басып,
Жаз болса, қашағанды көп қуған жер.

Гүлтөбе орман көлді, туған жерім,
Малыбай бетегелі жасыл белім.
Асыр сап жазығында қасқыр соққам,
Әнші-ақын, күйшісі көп думан жерім.
Егін сап, қолөнерін кәсіп қылған,
Орта жүз қалың керей туған елім.

Бес жастан ұрысқа баулып ағаларым,
Үйретті соғысудың амалдарын.

Менгеріп он жетімде сардарлықты,
Қиналмай жаудың бұздым қамалдарын.

Көңілге медеу етіп жастық буын,
Қолыма ұстап жүрмін ерлік туып.
Көзімнен туған өлкем бал-бұл ұшып,
Сағындым Бұқа көлдің шәрбат суын.

Мұң-зарын жетімдердің тыңдамаса,
Жарлының жағдайына көз салмаса.
Ұлықтың менменсінген керсегі жоқ,
Есіркеп кем-кетікке қарамаса.

Итшілсіп жүргенменен ештеңе өңбес,
Жастық шақ тіршілікте екі келмес,
Кезінде жұрттың қамын ойламасаң,
Ешкім де сені қолдап көмек бермес.

Болған соң қырсық шалған заманымыз,
Қалайша босқа езіліп жүре аламыз.
Жем болып ел қанағыш залымдарға,
Қашанғы қорлығына көне аламыз?!

Көрген соң зорлықшылдық алапатын,
Ұлықтың тартып міндім тұлпар атын.
Жетім-жесір, момынды қорғау үшін,
Жұмсалды бойымдағы күш-қуатым.

Дұшпаннан елдің малын жүрмін қорып,
Ауылын хан, сұлтанның тағы торып.
Шеңгелін қазағыма батырды-ау деп,
Жасадым Қоқан жаққа батыл жорық.

Мұхаммедқанафия болса да атым,
Сегіз деп атап кеткен мені халқым.
Өнердің бойға біткен арқасында,
Үш жүздің сал-сері еттім азаматын.

Қылышпын қынабымнан алынбаған,
Алтынмын таразыға салынбаған.
Ашамайлы Керейдің ер ұлымын,
Бейне бір жанған өрттей жалындаған.

Арысы Орта жүздің Керей затым,
Үш жүзге болды әйгілі Сегіз атым.
Ұлықтан қуғын көріп кетсем-дағы,
Есімнен ұмытылмас туған халқым.

Әйгілі болды жұртқа өнеріміз,
Артып жүр жас болсақ та беделіміз.
Әр елде достарымыз көп болған соң,
Тарады елден-елге өлеңіміз.

Ер Сегіз жыр жырлайтын келді шағың,
Ән-күймен атырғайсың жаздың таңын.
Өлеңге ел арманын өзек етіп,
Ойлай біл, қазағыңның болашағын.

Расында елдің жауы – менің жауым,
Даулайтын көптің дауы – менің дауым.
Бағасы маған берген болса да артық,
Ғадыл деп мені ұғады қазақ қауым.

Мен жидым жігіттерді елден таңдап,
Өзіме сарбаз болды нелер саңлақ.
Қобылан ақын, Асанбек бата беріп,
Мені де ерлер қойды сардар сайлап.

Өзімнің қазағымнан мал алмаймын,
Алам деп обалына қала алмаймын.
Мұсылман қауымының қорғанымын,
Халқыма жәбір-жапа қыла алмаймын,

Еділден сан суарған құлын-тайын,
Қазақтың қолдаймын деп Исатайын.
Жүргенде патша әскері шабуылдап,
Біздерге салмақ болды қайғы-уайым.

Қайғысын біз қабылдап алмай қойдық,
Уайым басымызға салмай қойдық.
Біздерді соғысуға мәжбүр етті,
Шайқасып қасірет – шердің бөріні жойдық.

Істерім тентектікке жатқан емес,
Қызыққа біздей ешкім батқан емес.